Галактикалардың беткі жарығы галактиканың бақыланатын бөлігінің ең шегіне дейін жоғарыға және төменге созылған спектр сыйықтарын алуға жеткіліксіз. Спектр сыйықтарын жұлдызың жүйенің периферилі бөліктеріне қараганда едөүір жарық болатын ядрога сәйкес бөліктегі ғана көруге болады. Демек, сыйықтардың көлбеулігі галактиканың ядросы айналып жатқанын көрсетеді.

Спектрдің ерекшелігі - сыйықтар көлбеу бола тұра, майыспай түзу ретінде қалуы. Бұл спектр сыйығындағы А, В, С, D, E нүктелерінің ығысуы галактиканың центрінен дискке дейінгі сәйкес келетін нүктелердің ара қашықтығына пропорционалдығын білдіреді. Осылайша, айналу шақырған сәулелік жылдамдықтар да диск центрінен ара қашықтыққа пропорционал болады. Бұл - галактика ядросының

қатты дене ретінде айналатындығын көрсетеді. Негізінде, айналудың сыйықтық жылдамдығы  $v$ , бұрыштық жылдамдық  $\omega$  және айналу центріне дейінгі ара қашықтық  $R$  мына теңдікпен байланысты:


$$v = \omega \cdot R. \quad (1)$$

Сыйықтың көлбеу бұрышын өлшей отырып, айналудың бұрыштық жылдамдығы мен галактика ядролары үшін толық айналу периодын есептеп шыгаруға болады. Бұл жұлдыздық жүйелер қатарларына арналып жасалды. Ең аз айналу периоды – 2,8 млн жыл – S0 типті NGC 411 галактикасының ядросында болып шықты. Келесі орында периоды 6,4 млн жыл болатын айналу жылдамдығына қарай Sc типті NGC 2683 галактикасы тұр. Ең баяу айналатын SBc типті NGC 7640 және Sc типті NGC 4559 галактикаларының ядролары. Олардың айналу периодтары 400 млн жылдан асады.

Галактика ядролары жұлдыздық жүйелер секілді айналу әсерінен сыйылуды сезеді. Айналу жылдамдығы артқан сайын және тығыздық кем болған сайын сыйылу үлкен болады. Айналу жылдамдығы, сыйылу мен ядро тығыздығының арасындағы тәуелділікті осы сипаттамаларды табу үшін қолдануға болады. Бұл жағдайда, суреттөн өлшеуге болатын сыйылу мен ядроның айналу жылдамдығы белгілі болады. Сол себепті галактика ядросындағы материяның тығыздығын есептеуге болады. Ол  $10^{-20} - 10^{-22}$  г/см<sup>3</sup> аралығында ауытқи отырып, әртүрлі галактикаларда әр түрлі мәнге ие болады. Құн маңайындағы материяның тығыздығы шамамен  $2 \cdot 10^{-24}$  г/см<sup>3</sup> –ты құрайды. Демек, галактика ядросында материя тығыздығы жұлдыздық жүйенің перифериясына қарағанда жүзделген және мындаған есе жоғары болады.

Осылайша, галактикалардың ядросы қатты дене секілді айналады. Ядродан тыс аймакта айналу заңын анықтау үшін спектр сыйықтарының көлбеулігі әдісін қолдану мүмкін емес, бұл аймактардағы беттік жарық өте аз. Бірақ та бұдан да басқа жолын қарастыруға болады. Спиральды галактикалардағы жұлдыздар ыстық альптар мен асқыналыптар сутегі бұлттарымен коса жарқын жиынтықты құрайды. Үлкен телескоптарды қолдана отырып, бұл жиынтықтардың жеке спектрлерін алуға және спектр сыйықтарының орналасуын өлшей отырып, сәулелік жылдамдықты есептеуге болады. Кейбір жағдайда бір галактиканан әртүрлі ара қашықтықта орналасқан бүндай жиынтықтың ондағанын кездестіруге және олардың сәулелік жылдамдықтарын есептеуге болады.

Мысал ретінде, NGC 5055 галактикасының суретін және Е.М.Бербидж, Г.Р.Бербридж, К.Х.Прендергаст өлшеген осы галактиканың әртүрлі нүктелерінің (жиынтықтарының) сәулелік жылдамдықтары көрсетілген графикті қарастыруға болады (2-сурет).




2-сурет. NGC 5055 галактикасының жылдамдықтар кисығы

Вертикаль бойынша толық сәулелік жылдамдықтар емес, жиынтықтың сәулелік жылдамдығы мен ядроның сәулелік жылдамдығы арасындағы айырма келтірілген, яғни дәл осы айырмалар галактиканың айналуын сипаттайтын. Центрден ары бір жағындағы барлық сәулелік жылдамдықтар оң болып келеді, яғни бұл жақта айналу нәтижесінде бізден ары қарай қозғалады, ал центрден ары екінші жақта теріс мәндер, бұл жақ айнала отырып бізге қарай қозғалады. Алынған нүктелерге қарай графикте көрінбейтін

қисық жүргізілген. Бұл қисық галактиканың әр түрлі бөліктеріндегі центрден ара қашықтыққа қарай айналу жылдамдықтарының өзгерісін сипаттайтын және сол себептен де жылдамдықтар қисығы деп аталады. Нүктелердің қисықта дәл жатпай, жан-жақта шашыраңқы болу себебі, біріншіден, сәулелік жылдамдығы анықталған жарқын жиынтықтар галактика центре арқылы өтетін сурет жазықтығында жатпайтындығымен және олардың галактика центре айналасындағы айналу жылдамдығы көру сәулесімен әр түрлі бұрыштық құрайтындығымен түсіндіріледі. Екіншіден, әрбір жиынтық, жалпы айналу жылдамдығынан басқа өзінің дербес жылдамдығы болады.

NGC 5055 галактикасының жылдамдықтар қисығы бастаң, центр жаңында түзуге жақын келеді. Айналудың сыйықтық жылдамдығы галактика центрінен ара қашықтықка пропорционал, ал бұрыштық жылдамдығы тұрақты болатындықтан, бұл ядроның қатты дәне секілді қозгалатының дәлелдейді. Одан кейін қисық тұзуден ауытқиды, сыйықтық жылдамдықтар өсуін жалғастырады, бірақ тұзу болатындағы тез емес. Бұл айналудың бұрыштық жылдамдығы галактика центрінен ара қашықтауына қарай азая бастайтының білдіреді.

Галактика ядросы спектрінде көлбеу сыйықтарын алу үшін немесе галактика денесіндегі жарқын жиынтықтардың сәулелік жылдамдықтары бойынша жылдамдық қисығын түрғызу үшін галактика міндетті турде қабырғасымен қарап тұруы қажет емес. Көру сәулесі мен галактиканың бас жазықтығы арасындағы  $i$  бұрышы нөлге тең болмауы мүмкін, бірақ та ол артқан сайын айналуы аз мүмкіндікпен анықталады. Егер бұл бұрыш нөлден өзгешеленсе, онда қарастьырылып отырған нүктелердің сәулелік жылдамдықтары мен галактика центрінің айырмалары  $\cos i$  –ге көбейтілген айналудың сыйықтық жылдамдығына тең. Сол себепті де айналудың сыйықтық жылдамдықтарын сәулелік жылдамдықтардың айырмасы бойынша анықтау үшін, соңғысын  $\cos i$  –ге бөлу керек. Демек, галактиканың бас жазықтығының көру сәулесіне көлбеуінің  $i$  бұрышын бағалау қажет. Оны әдетте, спиральды галактика суретінен 2–3° дәлдікпен нақ анықтауға болады. Мысалы, NGC 5055 галактикасы үшін  $i$  бұрышы 31°-қа бағаланады. Міне, бірнеше жылдар бойы астрономдар арасында спиральды галактиканың қай бағытта қозгалатыны туралы талқылаулар жүріп жатыр. Спиральды тармақтарын артына ілестіріп, яғни бұралып қозгалады ма? Олай болатын болса, онда мысалы NGC 4303 спиральды галактикасы сағат тілімен қозгалар еді. Әлде олар спиральды тармақтарының ұшымен алдыға қарай тарқатыла айналады ма? Бұл жағдайда NGC 4303 сағат тіліне қарсы қозгалар еді.



3-сурет. Sc типті NGC 4303 галактикасы

NGC 4303 секілді алдыңғы көріністе бақыланатын галактиканың айналуын табу мүмкін емес. Егер де спиральды галактика бүйірінен бақыланса, онда оның айналуын онай анықталады, бірақ бұл жағдайда спиральды тармақтары ажыратылмайды.

Демек, бақыланатын спиральды галактикаларға төрттен бір болып қарауы қажет, яғни галактиканың бас жазықтығының көру сәулесіне көлбеуінің  $i$  бұрышы 0°-ден де, 90° да ажыратылу керек және 15°-60°-ты құрайды. Бұндай галактикаларда спиральды тармақтары да ажыратуға және айналу тудыратын сәулелік жылдамдықтарды да өлшеуге болады. Дегенмен де бұл жағдайда да айналу бағыты туралы сұрақ онай емес. Мысалы, NGC 5055 галактикасын алсақ, оның спиральды тармақтары ажыратылған, олар ядродан шығады да, одан соң сағат тіліне қарсы оны айнала қоршайды. Сәулелік жылдамдықтардың

өлшемдері – айналу нәтижесінде бұл галактиканың оң жақ бөлігі бізден алыстайтынын, ал сол жақ бөлігі жақындастырынын көрсетті. Бұл мәліметтер NGC 5055 галактикасы тармақтарының үшін алдыға немесе артқа айналатынын анықтау үшін жеткіліксіз. Онымен қоса, NGC 5055 галактикасының үстіндегі немесе астынғы бөліктерінің қай бөлігі бізге жақын екенін білу қажет. Егер де үстіндегі бөлігі бізге жақын болса, онда NGC 5055 галактикасы тармақтарының үшімен алдыға қарай, ал егер де астынғы бөлігі жақын болса, онда айналу тармақтарының үшімен артқа болады. Бірақ бұны анықтау ең қыннан қының; біз NGC 5055 галактикасының кеңістікте қалай бағдарланғанын, қай жағы бізге жақын немесе алыс екендігін білмейміз. Бағдарын анықтаудың жалғыз жолын галактикада орналасқан қара материя береді. Егер галактика шамамен бүйір жағынан бақыланса, мысалы 4-суреттегідей NGC 4594 галактикасы, онда қара материя галактиканы құраушы жазықтың суреттегі астынғы бөлігі бізге жақын, ал үстіндегі алыс екендігін анық көрсетеді. Бірақ бұл галактиканың спиральды тармақтары ажыратылмаған. Егер де  $i - 30^\circ$ -тан жоғары болса, онда қара материя нашар көрінеді.



4-сурет. NGC 4594 галактикасы

Сол себепті де бұл мәселені шешу үшін спиральды галактиканы бас жазықтықтың көру сәулесіне  $15^\circ$  - тен  $30^\circ$ -қа дейінгі көлбеу бұрышымен қарастыру қажет: біріншіден, ондағы спиральды тармақтардың орналасуын; екіншіден, қара материяның үлестіріміне қарай галактиканың қай жағы бізге жақын екендігін; үшіншіден, спектр сызықтарының көлбеуінен немесе жарқын жиынтықтардың сәулелік жылдамдықтары арқылы айналу нәтижесінде галактиканың қай бөлігі бізге жақындан келе жатқынан анықтау қажет. Егер де спиральды тармақтар жақсы көрінсе, онда қара материя нашар ажыратылады және керісінше.

Қазіргі кезде, спиральды тармақтардың айналу барысында бұрала қозгалатыны туралы гипотезалар анықталып жатыр. Мысал ретінде, Вокулер қарастырган NGC 7331 галактикасының суреті келтіріледі (5-сурет).



5-сурет. Спиральды галактикалардың бұрыла қозгалысын анықтауга мүмкіндік беретін NGC 7331 галактикасы.

Қара материяның орналасуына қарай эллипстің төменгі жағы бізге жақын екендігі, ал үстіндегі жағы алыс екендігі байқалады. Спиральды тармақтардың элементтерін, әсіресе суреттің он және сол жақ бөліктерінің ұшын зерттеулери суреттегі спиральдың айналуы сағат тіліне қарсы бағытталғанын көрсетеді. Сонымен, спектrogramманның көрсетуі бойынша, айналу нәтижесінде суреттегі галактиканың он жақ бөлігі бізге қарай қозгалып, ал сол жақ бөлігі алыстан жатыр. Бұл мәліметтерді сәйкестендіре отырып, спиральды тармақтардың бұрыла қозгалатынын дәлелдейді. Галактикалар тармақтарының ұшымен артқа қарай қозгалады.

Аспан әлемінде галактикалар қозғала отырып, бір-бірімен соқтығысу жағдайлары да болады. Галактикалардың соқтығысуы – өте баяу процесс. Оны көру үшін тек телескоптың болуы жеткіліксіз. Компьютерлер бұл құбылыстың моделін ғана түсіре алады, яғни олардың массасын, жылдамдығын, әрекеттесу сипаттын – жанама қақтығысуын немесе бетпе-бет соғысуын түрлендіре отырып жасайды. Екі спиральды галактикалардың бірігі жүз миллиондаған жылдарға созылады – бұл эллиптикалық жүйенің түзілүнің басты кезеңі. Кей жағдайда ергежейлі галактика үлкен жұлдыздық спиральды жай ғана тесіп өтеді. Баса кірген галактика спираль арқылы өтіп, оның жеке жұлдыздарын өзіне тартады. Нәтижесінде, ергежейлі үлкен спиральдан кеткенде оның жұлдыздарының бір бөлігі сақина тәрізді дәлізді түзеді. Онда жаңа шырақтардың туылуы үшін материал ретінде қызмет ететін газ бұлттары қалады.

Бұндай обьектілердің ішінде ең танымалы – Скульптор шоқжұлдызындағы «Күйме сақинасы» деп аталатын галактика. Орбиталды Хаббл телескобы жақында оның центрінде көптеген мындаған жарық жылына созылған «тізбектерді» тапты. Мүмкін бұл газ бұлттарымен соқтығысқан және бір миллион градус Цельсий-ге дейін қыздырылған молекулярлы сутегі болып табылады.

Әртүрлі формадагы галактикалардың әрекеттесуі белгілі: спиральды, эллиптикалық және бұрыс, олар бір-бірінің жанынан жақын ара қашықтықта өтіп кетіп, не бірі екіншісін іле кетіп немесе тіпті қарама-қарсы соқтығысуы мүмкін. Сонымен қатар бұндай жиынтықтардың өзара тарту қүші олардың сыртқы түрін жиі өзгертерді. Бұл жағдай Жерге қатысты жақын кеңістікте орналасқан жұлдыздық жүйенің шамамен екі пайызымен болады.

Бізге ең жақын арада соқтығысқан жұлдыздық аралышықтардың жұбы Ворона шоқжұлдызында миллион жарық жылы қашықтығында орналасқан. Бұл жұлтар – NGC4038 және NGC4039, бірақ та астрономдар мен әуесқой астрономдарға ол «Антенді» галактикалар ретінде танымал. Бұндай атауды галактиканың берілген себебі, тартылыс олардың газ бен жұлдыздардан тұратын ұзын ленталарын жулып алған және олар жәндіктің мұрт-антенасына ұқсас формасын алған.

Зерттеушілер «Антенді» галактикалардан жақында ғана түзілген бірнеше мындаған шартерізді жұлдыздық шоғырларды ашты. Олардың әрқайсысында миллионға жуық күн бар. Шоғырдың жасы – жүз миллион жылдан көп емес. Олар екі жүйенің бірігінен туындаған толысу қүштерінің әсерінен түзілген. Бүтін жұлдыздық аралышықтардың арасындағы өзара әсерлесу барысындағы тарту қүші анықтаушы роль атқармайды. Галактиканың бір-біріне жақын аралықта орласқан жеке бөліктеріндегі тарту қүшінің әсері едауір қүштірек. Галактика спиралын немесе оның ұзындығы бойынша шенберді созатын, оларды бүгетін толысу қүштері осылайша пайдалады. Бұның барлығы жұлдыздық жүйелер соқтығыспай, бір-біріне өте жақын ара қашықтықта өткен жағдайда да орын алады.

Соқтығысу кезінде не болатыны соққы геометриясына және осы процесстар барысындағы жылдамдыққа байланысты. Жылдамдығын секундына 200 км жақындағы кезінде жүйелер тұтасады, ал 600 км/с жылдамдықта олар бір-бірі арқылы өтіп кетеді. Ал егер де жақындағы 1000 км/с жылдамдықта жүрсе, онда галактикалар бытырап ұшып кетеді.

Антенді галактикаларды зерттеулер бүгінгі күнде Құс Жолымен болашақта не күтіп тұрғанын көрсетеді. Қазіргі кезде бір-біріне қарама қарсы біздің жұлдыздық жүйе мен Андромеда тұмандығы ұшып келеді. Олардың арасы 2,9 миллион жарық жылын құраса, жақындағы 300 км/с –ке тең. Ұш миллиард жылдан соң не болатынын тек болжау ғана қалады: соққы болуы немесе галактикалар бір-бірінің жанынан өтіп кетуі мүмкін. Нақты болжамды жасау үшін үлкен дәлдікпен екі галактикалардың қозгалыс бағыттарын анықтау қажет. Бірақ, соқтығысу тіпті болмаган жағдайда және олар тек жақын қашықтықта серпілгеннің өзінде де өзара тартылыс галактикалар траекториясын өзгертерді. Кейін олар тұтасып жаңа эллиптикалық жүйеге келетіні де ғажап емес.

### Қорытынды

Әлем кеңістігінде сансыз галактикалар өмір сүруде. Олардың тұрларі, сипаттары көптеген астрономдар мен әуесқой астрономдардың қызықтырып келеді. Осы галактикалардың зерттеулери, ізденістер өзіміз тұрып жатқан Құс Жолы галактикасы туралы деректерді береді. Сонымен қатар, спиральды және эллипсті галактикалардың туылуы туралы табиғи құбылыстардың сипаты Хаббл

телескопы арқылы түсірілген альстаган жұлдыздардың суреттерінің талдаулары шамамен 2,9 миллион жылдан кейін болатын соқтығысуды болжауға мүмкіндік берді. Бұл болжамдардың орындалу барысы біздің Күн жүйесі сөнетін жұлдызға айналғанда болары анық.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Галактика / Марочник П.С., Сучков А.А. – М.: Наука. Главная редакция физико-математической литературы, 1984. – 392 с.
- 2 Звезды, Галактики, Метагалактика /Агекян Т.А. - 3-е изд., перераб. и доп. М. Наука. 1981. – 416 с.
- 3 [http://www.galactic.name/directory/new\\_general\\_catalogue\\_NGC.php](http://www.galactic.name/directory/new_general_catalogue_NGC.php) Новый общий каталог NGC
- 4 <http://v-kosmose.com/galaktiki-vselennoi/vrashhenie/> Галактики Вселенной. Вращение галактик
- 5 <http://www.allkosmos.ru/vrashhenie-galaktiki/>
- 6 [https://pikabu.ru/story/stolknovenie\\_mlechnogo\\_puti\\_i\\_galaktiki\\_andromedyi\\_4279060](https://pikabu.ru/story/stolknovenie_mlechnogo_puti_i_galaktiki_andromedyi_4279060) Столкновение Млечного Пути и Галактики Андромеды
- 7 <https://www.nkj.ru/archive/articles/8175/> Столкновение Галактик / Г.Николаев.По материалам журнала 'BildderWissenschaft'

**ГРНТИ 28.23.37**

**УДК:666.65:536.2**

*M.K. Құлбекұлы<sup>1</sup>, Ш.И. Хамраев<sup>2</sup>, Б.Ерженбек<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup>Ғылым докторы, профессор,*

*<sup>2</sup>Т.ә.к., доцент,*

*<sup>3</sup>докторант PhD*

*<sup>1,2,3</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан*

## **КҮРДЕЛІ ТАСЫМАЛДАУ ҮДЕРІСТЕРІН КЕРІ ЕСЕПТЕУ ТӘСІЛІМЕН ЗЕРТТЕП ҮЛГІЛЕРДІҢ ЖЫЛУ ФИЗИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН АНЫҚТАУ**

### *Ақдатта*

Мақалада курделі тасымалдау үдерістерін компьютерде моделдеп, кері есептеу тәсілдерімен зерттеудің ғылыми әдістемесі мен нақты мысалы келтірілген.

**Кілттік сөздер:** үдеріс, тасымалдау, әдіс, кері есеп, жылуфизика, үлгі

*M.K.Кулбек<sup>1</sup>, Ш.Хамраев<sup>2</sup>, Б.Ерженбек<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup>д.т.н., профессор,*

*<sup>2</sup>к.т.н., доцент,*

*<sup>3</sup>PhD докторант*

*<sup>1,2,3</sup> Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан*

### *Аннотация*

В статье приведены научные основы и примеры изучения сложных процессов переноса с применением методов обратных задач.

**Ключевые слова:** процесс, перенос, метод, обратная задача, теплофизика, образец

*M.K.Kulbek<sup>1</sup>, Sh. Khamraev<sup>2</sup>, B.Erzhenbek<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup>Doctor of Science, Professor,*

*<sup>2</sup>Ph.D., associate professor,*

*<sup>3</sup>PhD doctoral student*

*<sup>1,2,3</sup> Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan*

### *Annotation*

The article contains scientific bases and examples of studying complex transport processes using inverse problem methods.

**Keywords:** process, transfer, method, inverse task, thermal physics, exemplar.

Табигатта, техникада және технологияда тасымалдау үдерістері өте күрделі жағдайларда жүреді. Біріншіден, олар негізінен стационарлы емес режимдерде өтеді. Екіншіден, материалдарды қызыдуру барысында әртүрлі температуралар аймағында табигаттары сан алуан физикалық және химиялық түрленулер орын алады. Бұл түрленулер көбіне жылу эффектілерімен (эндотермиялық және экзотермиялық) байланысты жүріп, үлгінің бойында зат массасының тасымалдануына және құрылымдық өзгерістерге әкеп соғады. Бұл үдерістер өз ретінде жылуоткізгіштік және массатасымалдау құбылыстарының бүрынғыдан да күрделене түсіне әкеледі [1,2,3].

Бұл ғылыми макалада осындай күрделі тасымалдау үдерістерін компьютерде моделдей, кері есептеу тәсілдерімен зерттеудің ғылыми әдістемесі мен мысал ретінде нақты нәтижелер келтірілген.

Егер үлгіде тек бір ғана тасымалдау үдерісі, мысалы жылуоткізгіштік немесе массатасымалдау орын алса, онда Онзагер теориясына сәйкес оны сипаттау үшін мынадай тендеуді жазуға болады (стационарлық жағдай)

$$q = LX, \quad (1)$$

мұндағы  $q$  – үлгідегі меншікті жылу ағыны,  $L$  – кинетикалық коэффициент, ол аталған ағынның қарастырылып отырған ортадағы өту қасиеттерін сипаттайты,  $X$ - үдерістің термодинамикалық (қозғалтқыш) күші.

Осылан сәйкес, стационарлық жағдайда жеке дара жүретін жылуоткізгіштік үшін Фурье, ал диффузия үшін Фик тендеулерін келесі түрде жазуға болады:

$$q_{\text{ж}} = -\lambda \text{grad}T; \quad (2)$$

$$q_m = -D \text{grad}\mu, \quad (3)$$

Стационар емес жағдай үшін сәйкесінше:

$$\frac{\partial T}{\partial \tau} = a_T \nabla^2 T, \quad (4)$$

$$\frac{\partial U}{\partial \tau} = a_U \nabla^2 U. \quad (5)$$

Шынайы жағдайларда денеде немесе жүйеде бір уақытта бірнеше үдерістер қатар жүреді, мысалы, жылуоткізгіштік және массатасымалдау. Әрі бұл жағдайда массатасымалдау үдерістері фазалық түрленулермен (әдетте бірінші текті) байланысты жүріп, олар өте күрделі жағдайларда өтеді.

Осындай қабаттаса жүретін үдерістерді (мысалы, жылуоткізгіштік және массаалмасу) сипаттау үшін Онзагер теориясына сәйкес мынадай тендеулер жүйесін негізге алуға болады:

$$q_{\text{ж}} = L_{11}X_1 + L_{12}X_2, \quad (6)$$

$$q_m = L_{21}X_1 + L_{22}X_2. \quad (7)$$

Мұндағы, қабаттаса жүріп жатқан үдерістің қарастырылып отырған негізгі үдеріске әсерін кинетикалық коэффициенттер мен термодинамикалық құштердің эффективті мәндері арқылы есепке алсақ, онда (6), (7) тендеулерді мынадай түрде беруге болады:

$$q_{\text{ж}} = L_{1\phi}X_{1\phi}, \quad (8)$$

$$q_m = L_{2\phi}X_{2\phi}. \quad (9)$$

Осы айтылғандарға сәйкес стационар емес жағдайда (мысалы, қылтұтқіткүйсты үлгілерде) қабаттаса жүретін жылу және масса тасымалдау үдерістері үшін мынандай дифференциалдық тендеулерді жазуға болады (бір өлшемді есеп):

$$\frac{\partial T}{\partial \tau} = a_t \frac{\partial^2 T}{\partial x^2} + \frac{\rho}{c} \frac{\partial U}{\partial \tau}, \quad (10)$$

$$\frac{\partial U}{\partial \tau} = a_U \frac{\partial^2 U}{\partial x^2} + a_U \cdot \delta \cdot \frac{\partial^2 T}{\partial x^2}, \quad (11)$$

мұндағы  $T$  – температура;  $t$  – уақыт;  $U$  – байланыстағы заттың салыстырмалы массасы;  $\rho$  – фазалық (химиялық) түрленудің меншікті жылуы;  $c$  – меншікті жылу сыйымдылық;  $a_t$  – температураоткізгіштік коэффициенті;  $a_U$  – масса тасымалдау үшін потенциалоткізгіштік коэффициент;  $\delta$  – термоградиенттік коэффициент.

Жоғарыда келтірілген (8), (9) теңдеулеріне сәйкес белгілі түрленулерден кейін бұл теңдеулерді де эффективті мәндері арқылы мынандай түрге келтіруге болады

$$\frac{\partial T}{\partial \tau} = a_{t\phi} \frac{\partial^2 T}{\partial x^2}, \quad (12)$$

$$\frac{\partial U}{\partial \tau} = a_{U\phi} \frac{\partial^2 U}{\partial x^2}, \quad (13)$$

мұндағы  $a_{t\phi}$  және  $a_{U\phi}$ - қабаттаса жүріп жатқан үдерістердің негізгі тасымалдау үдерісіне әсерін ескеретін эффективті потенциалоткізгіштік коэффициенттер ( $a_{t\phi}$ -температураёткізгіштік, ал  $a_{U\phi}$ -масса тасымалдаудың потенциалоткізгіштік коэффициенттері).

Осы теңдеулердің аналитикалық шешімдерін немесе тәжірибелі жолмен алынған потенциал (мысалы, температура) өрістерін пайдаланып кері есептеу тәсілін қолдану арқылы эффективті коэффициенттердің әртурлі температурадағы мәндерін анықтауға болады. Мысал ретінде жылуоткізгіштік үдерісін қарастырайық. Жазық тақтайша үлгіні сызықтық зандылықпен қыздыру жағдайы үшін (12) теңдеудің аналитикалық шешімін пайдаланып эффективті температураёткізгіштік коэффициентінің әртурлі температурадағы мәндерін анықтау үшін мынадай өрнекті алуға болады:

$$a_{t\phi} = \frac{\sigma R^2}{\Gamma(T_\delta - T_u)}, \quad (14)$$

мұндағы  $\sigma$ -тұрақты қыздыру жылдамдығы,  $R$ - үлгінің анықтаушы өлшемі ( $R$  -пластина үшін қалындығының жартысы, цилиндр және шар үшін радиусы),  $\Gamma$ -тұрақты шама, шексіз пластина үшін  $\Gamma = 2$ , цилиндр үшін  $\Gamma = 4$ , шар үшін  $\Gamma = 6$ ,  $T_\delta$ ,  $T_u$  сәйкесінше үлгі бетінің және центрінің температуralары.

Үлгінің температураёткізгіштік коэффициентінің эффективті мәндерін пайдаланып, оның әртурлі температурадағы меншікті жылусыйымдылығын мына өрнекпен анықтай аламыз

$$c_{t\phi} = \frac{\lambda}{a_{t\phi} \gamma}, \quad (15)$$

мұндағы,  $\lambda$  -үлгінің жылуоткізгіштік коэффициенті (орташа мәні алынады),  $\gamma$  -үлгінің тығыздығы.

Жоғарыда айтылғандай үлгілердің осылайша жылуфизикалық коэффициенттерін анықтағаннан кейін бұл үдерістерді компьютерде модельдеп сандық әдісті қолдану арқылы есептеу тәжірибелерін жүргізіп көптеген жағдайларда жан-жақты зерттеуге болады. Мысалы, жазық пластина үлгідегі стационарлық емес жағдайдағы жылуоткізгіштік үдерісін қарастырайық. Бұл үдерістің математикалық моделі ретінде (бір өлшемді есеп) (12) дифференциалды теңдеуді аламыз.

Зерттеу тәжірибелерін жүргізу үшін алгоритм ретінде осы теңдеудің анық айырымдық схемасын қолдануға болады. Бұл анық айырымдық схеманы (12) теңдеудегі дербес туындыларды жуықтап шектік айырымдармен ауыстыру арқылы былай жазамыз[3, 4]:

$$\frac{T_i^{k+1} - T_i^k}{\Delta \tau} = a_{t\phi} \frac{T_{i+1}^k - 2T_i^k + T_{i-1}^k}{\Delta x^2}, \quad (16)$$

мұндағы:  $\Delta \tau$  -уақыт бойынша қадам;  $\Delta x$  -координата бойынша қадам;  $T_i^k$  -  $\tau$  (k) уақыт моментіндегі температура;  $T_i^{k+1}$  -  $\tau + \Delta \tau$  (k+1) уақыт моментіндегі температура.

Бұдан белгілі бір ( $k+1$ ) уақыт сәтіндегі жазық үлгінің қалындығы ( $x$ ) бойынша i -ші нүктесіндегі температура мәндері үшін мынандай алгебралық теңдеу аламыз:

$$T_i^{k+1} = T_i^k + \frac{a_{t\phi} \Delta \tau}{\Delta x^2} (T_{i+1}^k - 2T_i^k + T_{i-1}^k), \quad (17)$$

Анық-айырымдық схемаларды қолдану кезінде уақыт бойынша қадамның ( $\Delta \tau$ ) мүмкін болатын мәні шектеулі және ол координата бойынша қадам ( $\Delta x$ ) мен зерттелетін материалдың температураёткізгіштік коэффициентіне тәуелді, бұл тұрақтылық шарты деп аталады:

$$\frac{a_t \Delta \tau}{(\Delta x)^2} \leq \frac{1}{2} \quad \text{немесе} \quad \Delta \tau = 0,5 (\Delta x)^2 / a_t.$$

$$\Delta \tau > \frac{(\Delta x)^2}{2a_t}$$

Ал,  $\Delta \tau > \frac{(\Delta x)^2}{2a_t}$  болғанда, көрсетілген айырымдық схема тұрақсыз болып тендеудің дұрыс шешімін алу мүмкін болмайды.

Осы нәтижелерді негізге ала отырып, арнағы бағдарлама құрылып, компьютер көмегімен есептеу тәжірибелері жүргізілді. Жоғарыда айтылған үлгілердегі жылу тасымалдау үдерістерінің динамикасын сандық тұрғыдан зерттеу мақсатында нақтылық шарттарын анықтап алу қажет.

**Физикалық шарттар тобы.** Зерттеу нысаны ретінде алынған монтмориллонитті лай үлгілерінің эффективті температураөткізгіштік коэффициенті мына аралықта өзгереді:  $0,143 \div 0,498 \text{ см}^2 / \text{мин}$ .

Эндотермиялық эффектінің өту сипаты мен  $a_{t_0\phi}$  өзгеру жағдайына қарай үдерісті екі сатыға бөлуге болады.

Осы тәжірибелік мәндер негізінде  $a_{t_0\phi}$  коэффициентінің қыздыру барысында температурага (пеш камерасындағы орта температурасы) тәуелділігін сипаттайтын мынандай аппроксимациялық тендеулер алынды:

$$a_{t_0\phi} = a_0 + \kappa_1 (t - t_0)^2, \quad 200 \leq t \leq 400^\circ C \quad (1\text{-саты } 200-400^\circ C) \quad (18)$$

мұндағы  $t = t_0 = 400^\circ C$  температурада  $a_{t_0\phi} = a_0 = 0,143 \text{ см}^2 / \text{мин}$ ;  $t$  - қыздыру барысындағы

температура мәндері;  $\kappa_1$  - тәжірибелік нәтижелер негізінде анықталған пропорционалдық коэффициент ( $\kappa_1 = 5,9 \cdot 10^{-6} \text{ см}^2 / \text{мин} ({}^\circ C)^2$ ).

$$a_{t_0\phi} = a_0 + \kappa_2 (t - t_0)^2, \quad 400 \leq t \leq 500^\circ C \quad (2\text{-саты } 400-500^\circ C) \quad (19)$$

мұндағы пропорционалдық коэффициент  $\kappa_2 = 9,15 \cdot 10^{-6} \text{ см}^2 / \text{мин} ({}^\circ C)^2$ .

**Геометриялық шарттар тобы.** Зерттелген үлгілер шексіз жазық пластина пішіндес болып, мынандай қалындықтарда алынды:

$$d_1 = 2r_1 = 2,5 \text{ см}, \quad d_2 = 2r_2 = 4,5 \text{ см}, \quad d_3 = 2r_3 = 6,5 \text{ см}. \quad \text{Симметриялық үдеріс}$$

қарастырылғандықтан температуралық өрістер үлгілердің тек жартысы үшін ғана есептелді.

**Шеттік шарттар тобы.** Бастанғы шарт бойынша ( $\tau=0$ ) үлгі қабаттарындағы температура мәндері:

$$t(\tau, \frac{x}{r}): \quad t(0, 0) = 200^\circ C, \quad t(0, 0, 25) = 198^\circ C, \quad t(0, 0, 5) = 196^\circ C, \quad t(0, 0, 75) = 194^\circ C, \\ t(0, 1) = 190^\circ C.$$


Жылууэткізгіштік үдерісі бірінші текті шекаралық шарт жағдайында қарастырылды. Бұл шарт бойынша керамикалық үлгілер (үлгі беті)  $200-500^\circ C$  температура аралықтарында мынандай тұрақты:

$V_1 = 2 \text{ град/мин}$ ,  $V_2 = 4 \text{ град/мин}$ ,  $V_3 = 6 \text{ град/мин}$  жылдамдықтармен қыздырылып үлгі беттерінің температурасы сызықтық заңдылықпен өзгерді:  $t_{\text{бем}} = 9 \cdot \tau + 200^\circ C$ .


Жоғарыдағы шарттар бойынша кейбір үлгілердің күйдіру кезінде алынған температуралық өрістер 1-4 суреттерде көрсетілген.

Мұндағы 1-3 – суреттерде қалындықтары бірдей  $d = 2r = 6,5 \text{ см}$  болатын шикі үлгілердің әр түрлі  $v_1 = 2 \text{ град/мин}$ ,  $v_2 = 4 \text{ град/мин}$ ,  $v_3 = 6 \text{ град/мин}$  жылдамдықтармен қыздыру барысындағы температуралық өрістер берілген.

4-суретте қалындығы  $d_1 = 2r_1 = 6,5 \text{ см}$  эталон үлгіні  $v_3 = 6 \text{ град/мин}$  жылдамдықпен қыздыру барысындағы температуралық өрістер көрсетілген. Этalon ретінде алдын ала бір рет күйдіруден өткен үлгілер алынды.




1-сурет. Қалындығы  $d = 2r = 6,5\text{cm}$  шикі үлгіні  $v_1 = 2\text{град/мин}$  жылдамдықпен қыздыру барысындағы температуралық өрістер




2-сурет. Қалындығы  $d = 2r = 6,5\text{cm}$  шикі үлгіні  $v_2 = 4\text{град/мин}$  жылдамдықпен қыздыру барысындағы температуралық өрістер

Келтірілген нәтижелердегі температуралық өрістер сапалық түрғыдан ұқсас келеді де, сандық түрғыдан айтарлықтай айырмашылытар байқалады. Бұл олардың геометриялық параметрлері мен қыздыру жылдамдықтарының әртүрлі мәндерге ие болуымен түсіндіріледі. Жылуоткізгіштік теориясының қагидаларына сәйкес [1,2] үлгілерді сызықтық заңдылықпен, яғни түрақты жылдамдықпен қыздыру барысында белгілі (аzdаган) уақыттан кейін оның кез келген нүктесінгі температура мәндерінің де осындағы (сызықтық) заңдылықпен өзгеретіндігі белгілі. Әрине бұл жағдай үлгінің бойында ешқандай физика-химиялық түрленулер, оларға байланысты жылу эффектілері (жылу көздері) болмаған жағдайда, яғни денеде (жүйеде) тек бір ғана жылуоткізгіштік үдерісі жүрген жағдайда орын алады. Мұндай заңдылық эталон үлгілерді қыздыру барысында анық байқалады (4-сурет).



3-сурет. Қалындығы  $d = 2r = 6,5\text{cm}$  шикі үлгіні  $v_3 = 6\text{град/мин}$  жылдамдықпен қыздыру барысындағы температуралық өрістер



4-сурет. Қалындығы  $d = 2r = 6,5\text{cm}$  эталон үлгіні  $v = 6\ddot{\delta}\ddot{\alpha}\ddot{\delta} / i\ddot{e}\ddot{i}$  жылдамдықпен қыздыру барысындағы температуралық өрістер

Жоғарыда қарастырылған мысалда температураоткізгіш коэффициенттің мәнін түрақты етіп алдық, бірақ шынайы жағдайларда (мысалы, фазалық түрленулер, қабаттаса жүретін үдерістер орын алғанда) бұл коэффициенттің мәндері температурага тәуелді үлкен аралықтарда өзгереді. Сондықтан мұндай жағдайлардағы күрделі үдерістерді сандық түрғыдан зерттеу барысында математикалық модель ретінде жоғарыдағы (10)-(11) немесе (12) және (13) тендеулерін қолдануға болады. Мысалы, (10) және (11) тендеулерін пайдалансак, олардың оң жағындағы қабаттаса жүретін үдерістерді сипаттайтын өрнектерді ескеруіміз қажет болады. Ал, егер үдерістің математикалық модель ретінде (12) және (13) тендеулерін

алсақ, онда эффективті потенциалоткізгіштік коэффициенттерінің ( $a_{\nu\phi}$ ,  $a_{U\phi}$ ) мәндерінің температурага тәуелді өзгеру заңдылықтарын ескеру қажет.

Жоғарыда қарастырылған ғылыми әдістемелік нәтижелерді әр түрлі үлгілердегі күрделі тасымалдау үдерістерін компьютер көмегімен жан-жақты зерттеуде және физика, жылу физикасы салаларындағы оқу үдерістерінде қолдануға болады.

Список использованных источников:

- 1 Лыков.А.В. Тепломассообмен. - М.: Энергия.- 1978. – 480 с.
- 2 Сайбулатов С.Ж., Сулейменов С.Т., Кулбеков М.К. Золы ТЭС в производстве строительной керамики. – Алма-Ата:Казахстан, 1986.-144с.
- 3 Дульнев Г.Н., Парфенев В.Г., Сигалов А.В. «Применение ЭВМ для решения задач теплообмена.- М.: Высш.шк., 1990.-207с, ил.
- 4 Кулбеков М.К. К численному решению уравнения теплопроводности с эффективным коэффициентом. В кн.: Исследования по дифференциальным уравнениям и их приложения. –Алма-Ата. - 1989.-с.83-89.

ЭОЖ 53:37,016

МРНТИ 14:25,07

Н.Ә. Сәндібекова<sup>1</sup>, Н.Б. Талғат<sup>2</sup>, Қ.М. Жақсылықова<sup>3</sup>

<sup>1</sup>п.ә.к., қауым.профессор м.а., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,

Алматы қ, Қазақстан

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, <sup>2,3</sup>«6M011000 – физика» мамандығының  
2-курс магистрант, Алматы қ, Қазақстан

## МЕКТЕП ФИЗИКАСЫН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ӨТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### Аннотация

Аталмыш мақалада еліміздегі жаңа білім реформасының маңыздылығы мен мектептерге енгізу мәселелері қарастырылған. Бұл реформаның ерекшелігі, әлемнің алпауыт мемлекеттері еркін менгерген ағылшын тілін мектептерде қолданысқа енгізе отырып, өскелең үрлактың сапалы, жаңаша, бәсекеге қабілетті, заманауи білім алуына мүмкіндік жасау. Үштілділік- жарқын болашаққа бастар білім жолы, заман талабы, өзекті мәсселе. Атап айтсақ, физика пәнін ағылшын тілінде оқыту окушылардың сөздік қорын көнекте отырып, жаңалық ашуға, әртүрлі бақылаулар, тәжірибелер жүргізуге құлышындарады. Қаралайым көрсетулер окушыны өз бетімен ізденуге, танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамытуға бағыттайды. Сонымен қатар, алған білімі өмірге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында менгерілуі қажет екендігі окушы санасына сініріледі. Ен бастысы окушының ағылшын тілін менгерудегі сөздік қоры толығады, сөйлеу дағдысы қалыптасады.

**Түйін сөздер:** үштілділік, жаһандану, модернизация, экономика, полиглот

Н.Ә. Сәндібекова<sup>1</sup>, Н.Б. Талғат<sup>2</sup>, Қ.М. Жақсылықова<sup>3</sup>

<sup>1</sup>к.п.н,ассоциированный профессор м.а., Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан

Казахский государственный женский педагогический университет, <sup>2,3</sup>магистрант 2-курса  
специальности «6M011000-Физика», г. Алматы, Казахстан

## ОСОБЕННОСТИ ОБУЧЕНИЯ ФИЗИКЕ В ШКОЛЕ НА АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ

### Аннотация

В данной статье рассмотрены вопросы важности новой реформы образования в нашей стране и ее внедрения в школах. Особенность этой реформы заключается в том, чтобы дать молодому поколению возможность приобретать качественные, современные, конкурентоспособные и современные знания путем внедрения свободного английского языка в школах. Трилогия - ведущий путь к светлому будущему, современные требования, актуальная проблема. В частности, преподавание физики на английском языке побуждает учащихся расширять свой словарный запас, создавать новые открытия, проводить различные наблюдения и эксперименты. Простые иллюстрации направляют учащихся развивать самостоятельность, познавательную и творческую гибкость. Кроме того, учащимся объясняется, что полученные знания должны быть освоены для удовлетворения потребности в жизни. Главное, что у студента будет лексика англоворящих навыков, будут созданы его речевые навыки.

**Ключевые слова:** трехъязычие, глобализация, модернизация, экономики, полиглот.

*Annotation*

This article discusses the importance of the new education reform in our country and its introduction in schools. The peculiarity of this reform is to give the younger generation the opportunity to acquire high-quality, modern, competitive and modern knowledge through the introduction of free English in schools. The trilogy is a leading way to a bright future, modern requirements, an actual problem. In particular, the teaching of physics in English encourages students to expand their vocabulary, create new discoveries, conduct various observations and experiments. Simple illustrations guide students to develop self-reliance, cognitive and creative flexibility. It is also explained to students that the knowledge gained must be used to meet the need for life. The main thing is that the student will have the vocabulary of English-speaking skills, his speech skills will be created.

**Keywords:** trilingual, globalization, modernization, economy, polyglot

Дүние жүзінде қанша ұлт, нәсіл болса, соларды бір-бірінен даралап тұратын басты бойтумары – туған тілі. «Әр халықтың ана тілі – білімнің кілті», -деп Ахмет Жұбанов тілдің адамзат өміріндегі маңызын аша түсken [1, 16]. «Адамзаттың Айтматовы» атанған, әлем әдебиетіндегі көрнекті жазушы Шыңғыс Айтматовтың мына бір пікірі: «Тіл – халықтың автопортреті. Әр тіл - өз орнында ұлы, әр тіл - бүкіл адамзат қазынасының ортақ палитрасындағы өз өрнегімен қымбат», -деп ана тілінің ұлылығын дәлелдей түседі [1, 20]. Ана тілінің құдіреті жайлы қаншама ойшылдарымыз, ақын-жазушыларымыз құнды пікірлер қалдырыды. Осынау бабаларымыз сөйлем, даналарымыз толғап, аналарымыз әлділеп есекен казак тілінің еліміздің болашағының көркеюіне зор ықпал етуде.

«Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз». «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында ұstemдік етіп, кез-келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады. Осылай тәуелсіздігіміз бүкіл ұлтты ұйымдастыратын ең басты құндылығымыз – туған тіліміздің мерейін ұstem ете түседі» [2, 5].

Қазіргі жаһанданған, ақпараттың дамыған ғасырында болып жатқан түрлі өзгерістер мен жаңашылдықтар еліміздің экономика саласына да, білім беру жүйесіне де тың ізденістерді енгізіп отыр. «Жаһандық дағдарыстың жалғасуының әсерінен әлемде болып жатқан өзгерістер бізді үрейлендірмейді. Біз оларға дайынбыз. Біздің ендігі міндеттіміз – егемендік жылдары қол жеткізгеннің барлығын сактай отырып, XXI ғасырда орнықты дамуды жалғастыру», -деп Елбасымыздың Жолдауында айтылғандай, еліміз қай салада болмасын қарқынды дамып, әлемдік кеңістікке қарыштай қадам басып, еркін қанат сермеуде.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасында еліміз береке мен бірліктің, ынтымақ пен достықтың, татулықтың өлкесі болып, көпұлтты мемлекетке айналып отыр. Осы орайда елбасымыз Н.Ә.Назарбаев атап өткендей: «Біз - көпұлтты қоғамбыз. Қазақстанда тұратын барлық ұлттар мен ұлыстардың тілін, мәдениетін және салт-дәстүрін дамытуға барынша жағдай жасауды алдыңғы уақытта да жалғастыра беретін боламыз»[2, 24], -деген еді. Елбасымыз Қазақстан халқы ассамблеясының XYII сессия отырысында Қазақстан аймағында тұрып жатқан халықтардың басын қосатын тіл қазақ тілі болуы керек деп анық атап айтты: «Қазақстанды, қазақты достықтың киелі шаңырағына тенесек, түрлі этностар оның алтын арайлы шуақтары іспетті. Бұл ретте байтақ мекенде баршамызды біріктіре түсетін ортақ құндылықтар бар. Ол – біздің талайлы тағдырымызды тұтастыратын шежірелі тарихымыз.

Ол – біздің байтақ мәдени мұрамыз бен қазығы берік мемлекеттік тіліміз»[3, 7].

Бүгінгі білім беру жүйесі модернизацияланған заманда көп тілді менгертуге аса назар аударылып, жаңажақты жол ашылған. «Келешекке кемел біліммен», -деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев ұстаным өткендей, келшекке терең біліммен қадам басып, әлемдік білім кеңістігінің құпияларына үніліп, қоғамға бейім, өз қабілеттің таныста алатын, жан-жақты дамыған, бірнеше тілді менгерген құзіретті тұлғаны қалыптастыру басты мақсаттардың бірегейі болып отыр.

Көп тілді білу – өмірлік қажеттіліктен туындаған құбылыс. Қай заманда болсын, бірнеше тілді менгерген мемлекеттер мен халықтар өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілеттің кеңейтіп отырған. Халықтың рухани, мәдени құндылығымен сусындау үшін ана тілін білу керек. Әрбір адамның өз тілінде сөйлем, білім алып, азамат болып қалыптасуы маңызға ие. «Әр елдің тілін, өнерін білген кісі өзгемен бірдейлік деңгейде сұхбаттаса алады» деген Абай атамыз. Бүгінде тіл білгеннің тіршілігі түзу. Тарих беттерін шолу жасасақ, ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби өз өмірінде 70-ке жуық ұлттың тілін білгендіктен, артына мол рухани құнды мұра қалдырыды. Ақын Абай Құнанбаев орысша хат танып, өзге тілді үйренсе де, өз тілін құрметтеп, артына өшпес мұра қалдырыған. Алаш арысы, қоғам қайраткері М.Шоқай зеректілігі арқылы университет қабыргасынан 7 тілді менгеріп шыққан.

Үштілді оқыту – заман талабы. Үштілділік – бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспаңдақтардың бірі. Дүние жүзінің 70% халқы ағылшын тілін қолданады. Әлемнің алпауыт мемлекеттері еркін менгеріп, қолданысқа енгізіде. Себебі: ғылым мен білімнің өркендеуіне ықпал ететін, ақпараттық құралдардың, жаңашылдық пен жаһанданудың, электроника мен техниканың тілі. Осы ретте, президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың: «Қазір біз балаларымыз қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді менгеру үшін жағдай жасауға шаралар қабылдап жатырмыз. Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек», – деген болатын 2012 жылы 14 желтоқсандағы Жолдауында[4, 4-6].

Ерте жастан ағылшын тілін оқыту балалардың:

- шетел тілін үйренуге қызығушылығын;
- танымдық қабілеттін;
- өзіндік шығармашылық әрекеттін;
- ұйымда қызмет жасай алу қабілеттілігін;
- елестету мүмкіндігін;
- есте сақтау қабілеттін;
- мектеп өміріне бейімделушілігін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Мектептерді үштілді білім беруге көшіру 2023 жылға қарай жүзеге асырылады. Алтынсарин атындағы Білім беру ұлттық академиясының вице-президенті Мариам Мұқатова ОҚҚ брифингінде "2015-2020 жылдарға арналған үштілді білім беруді дамытудың жол картасы" бағдарламасы әзірленіп, бекітілгенін хабарлады. Академия жаңынан үштілді білім беру орталығын құру жоспарланды, онда Қазақстанда білім беруді үштілді етуге ауысу және жогары сыныптарда, колледждер мен жогары оқу орындарында сабактарды ағылшын тілінде оқытуға дайындау үшін бірыңғай тіл стандарты әзірленеді. Спикердің айтуынша, білім беру ұйымдарын ағылшын тілін білетін мамандармен толықтыру үшін "Болашақ" бағдарламасы тұлектерінің мүмкіндігі пайдаланылады. Мұғалімдерді ынталандыратын жүйе ойлап табылады. Ұлттық бірыңғай тестілеудің формасы мен мазмұны жүзеге асырылады. "Жоғары сынып оқушыларын ағылшын тілінде оқыту төрт пән бойынша енгізіледі - информатика, физика, химия, биология. Үш тілде білім беруге өту кестесі мен жогары сыныптарды ағылшын тілінде оқыту кестесі әзірленіп жатыр. 2017-2018 жылдары бесінші сыныпқа бірінші сыныптан бастап ағылшын тілін оқығандар келеді. Осы кезеңнен бастап жогары сынып оқушыларын ағылшын тілінде оқыту жүзеге асырылады", - деді Мұқатова. (...) Ағылшын тілі сабакында төрт пәннің материалдары қолданылады. Бесінші сыныптан бастап осы пәндердің терминологиясын ағылшын тілінде оқыту басталады. (...) Тогызынши сыныптан кейін тіл бойынша оқып жатқандардың бағасы сырттай бағаланады, ағылшын тілінде сыныптан тыс жұмыстар үйимдастырылады және негізгі мектепте ағылшын тілінде қосымша сабактар өткізіледі", - деді спикер. Сонымен қатар, Назарбаев интеллектуалдық мектебінде үш тілде жасалған оқу-әдістемелік окулықтарды алуға мүмкінді беріледі. "2022-2023 жылдардан бастап ҚТЛ-дерде, халықаралық мектептерде, гимназиялар мен лицейлерде білім беруді ағылшын түрінде жүзеге асыру қарастырылып жатыр. Ал келесі жылы - 2023-2024 оку жылдары жалпы білім беретін барлық мектепті осы жүйеге өткізуіді жоспарлап отырмыз", - деді спикер. Оның айтудынша, мұндан жүйені енгізу педагогикалық кеңестің және ата-аналар комитетінің шешімімен жүзеге асырылады. "(...) 2020 жылға дейін 2450 мұғалім мен оқытушы тіл курсынан өтеді. (...) Мектептің қай тілде оқытылатынына қарамастан Қазақстан тарихын казақ тілінде оқыту, ал Дүниежүзі тарихын орыс тілінде оқыту мәселелері шешіліп жатыр", - деді ол. Осыған дейін Нұрсұлтан Назарбаев үш тілді білім беру үшін жол картасын жетілдіруді тапсырган болатын. "Біз ағылшын тілін бірінші сыныптан бастап оқытатын етеміз. Ал 11-12 сыныптарда барлық пән ағылшын тілінде өтеді", - деді Назарбаев[5].

Ағылшын тілінде оқытылатын пәндердің алғашқы легінде физика пәні тұр. Осы орайда айта кететін жәйт, физиканы ағылшын тілінде оқытудың ана тілінде оқытудан ерекшелігі физикалық терминдерді ағылшын тілінде енгізу, әртүрлі пәндердің бір ғана терминдердің ағылшын тіліндегі мағынасы түрліше болатынына оқушылардың назарын аудару. Сонымен бірге зертханалық жұмыстарда қолданылатын құралдардың, қондырылар мен материалдардың атауларын оқушылар ағылшын тілінде білу, есептердің шығарылуын ағылшын тілінде түсіндіре білу, сабакты бекіту кезеңінде сұрақтарға ағылшын тілінде жауап беру, алынған нәтижені түсіндіру, сәйкес қорытынды жасау қажет.

Физика пәнін ағылшын тілінде оқыту оқушылардың сөздік қорын кеңейте отырып, жаңалық ашуға, әртүрлі бақылаулар, тәжірибелер жүргізуге құлышындырады. Қаралайым көрсетулер оқушыны өз бетімен ізденуге, танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамытуға бағыттайты. Сонымен қатар, алған білімі өмірге деген қажеттілігін қанагаттандыру мақсатында менгерілуі қажет екендігі оқушы санасына сініріледі. Ең бастысы оқушының ағылшын тілін менгерудегі сөздік қоры толығады, сөйлеу дағдысы қалыптасады. [6, 46-б].

Оз іс-тәжірибелізде оқушылардың интеллектуалдық қабілетіне түрткі болатын ойын технологиясын қолдана отырып сабакты үш тілде жүргізуін тиімділігі зор. Өнімді нәтиже беріп жүрген іскерлік ойындары: «Полиглот», «Кім тапқыр?», «Үздік тілші», «Кел, сайысайық!», «Тілдер сөйлейді» сынды тағы басқа ойындарды өткізуін үштілді менгертудегі маңызы айрықша. Оқушыларды ойната отырып, үш тілде жүргілген сөзжұмбақтар, анаграммалар олардың коммуникативтік құзыреттіліктері мен функционалдық сауаттылықтарын арттыруға негіз болды. Сондай-ақ, ақпараттық технологияны: электрондық оқулықтар, презентациялар, тест т.б түрлері оқушылардың қызығушылығын оятып, уақыттарын үнемдеуге, косымша деректерді тиімді қолдануға түрткі болды. Шығармашылық жұмыстарға жетелейтін тапсырмаларды да оқушылар қызыға орындаپ, еркін аударма жұмыстарын жасауға дағдыланды.

Физиканы ағылшын тілінде оқыту үрдісінде оқушылардың әр тоқсандағы алған білімінің нәтижесін қадағалау мақсатында уақыт қорынан әр тоқсанда 1 сағат бөліп, оқушылардың терминдерді менгеру мүмкіндігін тексеруді ұсынамын.

Физика пәнін ағылшын тілінде оқытуға көшудің қадамдары:

- Теория (қазақ тілінде)
- Есеп (ағылшын тілінде)
- Сөздік ( терминдерді қазақ тіліне / ағылшын тіліне аудару)
- Эксперименттік тапсырма (ағылшын тілінде)
- Тест ( ағылшын тілінде)

Мысал келтіретін болсақ, 8 сыныптың физика оқулығымен бірге «Core Physics» Кембридж оқулығын қатар қолдануға болады. Кей тақырыптар сәйкес келеді, кейбіреулері сәйкес келмейді. Сондықтан 8 сыныптың бағдарламасы бойынша физика сабактарындағы ғылыми терминдер мен физикалық шамаларды орыс тілінде, ағылшын тілінде қолданған жөн. Сабактың әр кезеңінде түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады [7, 17-б]. Мысалы, «Токтың жұмысы мен куаты» тақырыбын өткен кезде сабакты қорытындылау кезеңінде «Жұмыс» сөзінің синонимі-еңбек, «Куат» сөзінің синонимі-куш, энергия. Олай болса осы сөздерді үш тілде айтайды.

Ток-ток-electrivity

Жұмыс-работа-work

Куат-энергия-energy

Күш-сила-power

Оқушылар өздері ағылшын тілінен білімдерін пайдаланып, сөздіктен қарап, интернеттен ізденіп тауып жауабын айтады. Келесі «Элементтар заряд. Кулон заны. Кернеулік. Потенциал» тақырыбындағы сабакта кесте бойынша қазақ тіліндегі нұсқасын бердім, оқушылар екі тілдегі нұсқасын сәйкесінше сәйкестендіреді. Мұнда қазақша нұсқасын ғана бердім оқушылар берілген тапсырманың беттерімен топпен орындаиды, ізденеді.

Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
Электрлік құбылыстар	положительный заряд	positive charge
Заряд	электрическое явление	repulsion
Оң заряд	отталкивание	electrical phenomenon
Теріс заряд-	закон сохранения зарядов	attraction
Тебілу	притяжение	negative charge
тартылу	заряд	The law of conservation of charge
Зарядтың сакталу заны	отрицательный заряд	charge

Осы сабакта оң және теріс зарядтар бір-бірімен тартылатын және олардың таңбалары әр түрлі екенін өз беттерімін оқып танысады.

Оқушылар оқулықтары мәтіннен қазақша мағынасын табады, өз беттерімен ізденеді, ағылшын тіліндегі нұсқасымен салыстырып, ойларын жинақтап өз ойларын ортаға салады. Сонда S-south pole-онтүстік поюс, N-north pole-солтүстік полюс екенін ағылшын тілде біледі.

Мениң сабакта қолданған әдіс-тәсілдерімнің артықшылығы: оқушы білімді өзі жинақтайды; олар бірін-бірі оқытады; топта жұмыс жасайды; өз бетімен жұмыс жасайды; өзара ой бөліседі; бірін-бірі тексереді [8,7-б].

Ұстаздар осы жаңа әдіспен сабак жүргізуді бәріміз бірдей қолға алып кіріссең, елімізді ең алдыңғы қатарлы елдер деңгейінен көрсете алар едік. Бұл әдістермен жұмыс жасаған соң, біздің өмірге деген көзқарасымыз өзгереді, өмірге жаңа көзқараспен қараймыз.

Оқушыларымыз болашақта бірнеше тілде еркін сөйлеп, әлемнің алып елдерімен бірлесе жұмыс жасап, техника мен ғылымды жетік мәнгерген тұлға қалыптасатынына сенемін.

Қорытындылай келгенде, болашақ жастарымыз өз тілін ардақтай отырып, заман талабы тудырып отырған үш тілде еркін сөйлеп, әлемнің кез-келген жерімен еркін байланысқа түсіп жатса еліміздің ертеңінің көркейте түсере сөзсіз. Олай болса бүгінгі талапкерлерге әлемдік кеңістікке қанат қағып, шет тілін мәнгерсем деп талап білдіргендеге сәттілік тілейік.

*Пайданылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Жарықбаев Қ. Аталау сөз.– Алматы: Жалын, 1980.
- 2 Ақиқат. 2013 жыл, №1. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы.
- 3 Ақиқат. 2011 жыл, №5. «Қазақ тілін білу - әништейн бір ұран емес», Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқы ассамблеясының ХҮІІ сессиясында сөйлеген сөзі
- 4 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы: «Қазақстан 2050» Стратегиясы 14 жесіттөксан 2012 ж
- 5 <https://kaz.tengrinews.kz/science/kazakstandyik-okushyilar-himiya-men-fizika-pandern-266564/>
- 6 Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, үшінші басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2012.
- 7 «Core Physics» Bryan Milner, Cambridge оқулығы
- 8 Shulman, L.S. (2007). Good teaching [Жаңы оқыту]. Box content in S.Loeb, C.Rouse&F.Shorri (Eds.), Introducing the Issue, in The Future of Children, 17 (1), 6-7.

**ГРНТИ28.23.37**

**ӘОЖ 53(075.8)**

С.Тамаев<sup>1</sup>, Қ.С. Тәттібеков<sup>2</sup>, А.Наурызбаев<sup>3</sup>

Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз, Қазақстан

**ҚАТТЫ ДЕНЕЛЕР ФИЗИКАСЫНЫҢ ЕСЕПТЕРИН АРНАУЛЫ ФУНКЦИЯЛАР  
АРҚЫЛЫ КОМПЬЮТЕРДІҢ КӨМЕГІМЕН ШЫҒАРУ**

*Аннотация*

Қатты денелер физикасы есептерінің шешімі Эйнштейн, Дебай, Гамма функциялары арқылы компьютердің көмегімен жүзеге асырылады.

**Кілттік сөздер:** Қатты денелер, жылу сыйымдылығы, Эйнштейн, Дебай, Гамма, сипаттамалық температура

С.Тамаев<sup>1</sup>, К.С. Таттыбеков<sup>2</sup>, А.Нарызбаев<sup>3</sup>

Таразский государственный педагогический университет, г. Тараз, Казахстан

**КОМПЬЮТЕРНЫЙ ФОНД ИЗ ФУНКЦИИ ФЕРИЧЕСКОЙ ФИЗИКИ  
